



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
БАНКІ**

№ 001 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 7 қаңтар

2003 жылдың алдын ала қорытындылары

Өткен 2003 жыл Қазақстанның қаржы секторы үшін мерекелік жыл болды – 15 қарашада ұлттық валютаның енгізілгеніне 10 жыл толды. 10 жыл ішінде қаржы секторының барлық бөліктерінің дамуында Қазақстан қомақты нәтижелерге жетті. Қазақстанның қаржы жүйесі қазіргі уақытта ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда неғұрлым дамыған, айқын және мемлекеттің араласуынан қорғалған болып табылады. Қазақстанның банк жүйесі банк қызметінің негізгі халықаралық стандарттарына жауап береді, елде дамыған қаржы рыноктары және зейнетақы жүйесі жұмыс істейді. Елдің төлем жүйесі кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте барынша ілгері дамыған жүйе болып табылады. 2003 жылдан бастап Қазақстанның барлық банктері қаржы есебінің халықаралық стандарттары бойынша жұмыс істеуде.

2003 жылда орташа жылдық инфляция индикативтік көрсеткіштер шеңберінде қалды және 6,4%-ті құрады. Валюта рыногындағы ахуал жыл бойы теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаю үрдісімен сипатталды.

2003 жылдың неғұрлым маңызды оқиғаларынан елдің сыртқы экономикалық позициясының нығаюын (2003 жылғы 9 айда ағымдағы шоттың сальдосы оң болып қалыптасты және 508 млн.долларды құрады), Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтерінің едәуір өсуін (бір жылда таза халықаралық резервтер 4958,9 млн.долларға дейін көбейді) атап айтуға болады.

Банк жүйесінің нығаюы жалғасуда: банктердің жиынтық активтері (2003 жылғы 11 айда өсу 39,3%-ке), банктердегі халықтың салымдары (29,5%-ке) сияқты көрсеткіштер жоғары өсу қарқынымен сипатталады. Ресурстық базаның өсуінің жалғаса

түсуі және банктер үшін тартылып отырған ресурстар мерзімдерінің ұзаруы жағдайында экономиканың нақты секторын кредиттеу операциялардың ең басым түрі болып қалады (2003 жылғы 11 айда экономикаға банктер кредиттерінің жалпы көлемі 41,2%-ке өсті). Экономиканың дамуы үшін экономикаға кредиттің жалпы көлеміндегі орта- және ұзақ мерзімді кредиттер үлесінің жалғасып отырған өсу үрдісі және теңгелік кредиттердің үлес салмағының (жыл басынан бері – 31,5%-тен 45,8%-ке) өсуі жағымды жағдай болып табылады.

1. Инфляция. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2003 жылғы желтоқсанда 0,9% болды (2002 жылғы желтоқсанда- 1,4%). Бағаның негізгі өсуі азық-түлік тауарларының 1,5%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың – 0,3%-ке, ақылы қызметтердің – 0,4%-ке қымбаттауына байланысты болды.

Тұтастай алғанда, 2003 жылы инфляция бір қалыпты емес динамикамен сипатталды. Жылдың алғашқы 9 айында оның деңгейі 2,8%-ті құраса, 4-тоқсанда ол 3,8% болды.

Инфляцияның осындай жоғары тоқсандық деңгейі соңғы рет 2000 жылдың 4-тоқсанында байқалған болатын (4,0 %).

Нәтижесінде 2003 жылы (2002 жылғы желтоқсаннан 2003 жылғы желтоқсанға дейін) инфляция өткен жылғы деңгейден – 6,6%-ке шамалы ғана асып, 6,8 % болды.

2003 жылы инфляция өсуінің басты себептерінің бірі жекелеген тұтыну тауарларының және қызмет көрсетудің айтарлықтай қымбаттауы болды. Инфляцияның құрылымында 2003 жылы азық-түлік тауарлары 7,1 % қымбаттады (2002 жылы – 7,1 %). Мемлекеттің астыққа сатып алу бағаларын өсіруіне байланысты инфляцияға айтарлықтай үлесті ұнға және оны қайта өңдеу өнімдеріне бағалардың өсуі орын алды. Жармалар 34,2 %-ке, ұн 26,2 %-ке, нан 11,3 %-ке қымбаттады. Көкөніс пен жеміс-жидекке бағалар 22,3 %-ке, жұмыртқаға бағалар 13,3 %-ке өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар көбінесе бензин бағасының 20,7 %-ке қымбаттауынан 6,9 %-ке қымбаттады (2002 жылы – 6,3 %-ке).

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, көкөніс пен жеміс-жидекке бағалардың өсуін ескермегенде 2003 жылдың аяғында инфляция 5,8 % болды.

Ақылы қызмет көрсету 5,9 %-ке қымбаттады (2002 жылы – 5,8 %). Олардың құрылымында жолаушылар тасымалдайтын көліктің бағалары мен тарифтері - 9,4 %-ке, білім беру мекемелеріне қызмет көрсету – 8,9 %-ке, денсаулық сақтау мекемелеріне

қызмет көрсету – 6,1 %-ке өсті. Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету 5,1 %-ке, оның ішінде газбен қамтамасыз ету – 9,6 %-ке, сумен қамту – 5,3 %-ке қымбаттады.

Жекелеген тауарларға бағалардың едәуір өсуіне және зейнетақылар мен жәрдемақылардың көбеюіне, сондай-ақ бағалардың өсуіне ықпал ететін басқа да факторларға қарамастан, орташа жылдық инфляция индикативтік көрсеткіштер шеңберінде қалды және орташа алғанда 2003 жылы оның деңгейі 6,4 % болды (2002 жылы – 5,9 %).

2. Төлем балансы (2003 жылдың 9 айы). Өнеркәсіп өндірісінің және инвестициялардың бұдан әрі өсуіне ықпал жасаған жағымды экономикалық конъюнктура қарастырылып отырған кезеңде резиденттердің сыртқы экономикалық қызметінің нәтижелеріне әсер еткен негізгі фактор болды.

2003 жылдың 9 айында ағымдағы шот сальдосы оң болды және 508 млн. долл. құрады, бұл тауарлар экспортынан кірістердің өсуіне байланысты орын алды. Экспорт құнының 1/3-тен астам өсуіне негізгі үлес энергия тасымалдаушыларға бағалардың жоғары деңгейінің сақталуы және металл рыногында әлемдік бағалардың жыл ішінде өсуі есебінен қамтамасыз етілді. Қарастырылып отырған кезеңде мұнайға әлемдік баға өткен жылдың осындай кезеңіндегі бағадан 18 %-ке көп болды.

Тауарлармен сыртқы сауданың шоғырландырылған айналымы 2003 жылдың 9 айында негізгі кезеңге қатысты 25,1 %-ке өсіп, 16 млрд. долл. болды.

Қазақстан экономикасын тұрақтандыру үрдістерін одан әрі күшейту, экспорттық кірістердің шұғыл өсуі және сыртқы өтімділіктің жақсаруы, сондай-ақ шикізат тауарлары экспортының өсу перспективалары Қазақстанның капиталдың халықаралық рыноктардағы позициясын айтарлықтай нығайтты. Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстан резиденттері үшін сыртқы қарыз алу құнының төмендеуі сыртқы корпоративтік қарыз алудың өсуіне әкеп соқты. Бұл кезде ағымдағы операциялардың шотын қаржыландыру мұқтажықтары қысқарып, резиденттердің шетелдік активтері өсті.

2003 жылғы 9 айда сыртқы экономикалық қызметтің мынадай негізгі көрсеткіштеріне қол жетті. Тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) балансының оң сальдосы базалық кезеңдегі көрсеткіштен 14% асып, 1605 млн. долл. болды. Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жиынтық әкелінуі базалық кезеңмен салыстырғанда 12% ұлғайып, 3297 млн. долл. болды. Басқа инвестициялар бабы бойынша оң сальдо базалық кезеңдегі 296 млн. доллармен салыстырғанда 1243 млн. долл. жуық болды. Орта

және ұзақ мерзімді қарыз алу операциялары бойынша сыртқы қаржыландырудың нетто-әкелінуі базалық кезеңнің осындай көрсеткішімен салыстырғанда 3,3 есе ұлғайып, 1822 млн. долл. болды. Қысқа мерзімді инвестициялармен операциялар бойынша нетто-ресурстар базалық кезеңдегі осындай көрсеткіштен 3 еседен аса көбейіп, 789 млн. долл. болды.

Экспорттан түсетін кірістің ұлғаюы және сыртқы қаржы ресурстарының едәуір әкелінуі шетел валютасына ұсыныстың сұраныстан асып кетуіне себеп болды. Төлем балансының операциялары бойынша оң сальдо (талдап көрсеткенде) есептік кезеңде 1553 млн. долл. болды.

3. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары. Жыл ішінде банктердің заем алуының өсуімен қатар мұнай бағасының жоғары болуы валютаның көбірек әкелінуіне ықпал етті, бұл өз кезегінде, Ұлттық Банктің халықаралық резервтері мен еліміздің Ұлттық қоры активтерінің өсуін қамтамасыз етті.

2003 жылы Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағаларда 58%-ке 4958,9 млн. долл. дейін ұлғайды, бұл тауарлар мен қызмет көрсету импортының орнын 4,8 айдан астам уақытқа жабуды қамтамасыз етеді. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы, сондай-ақ валютаның Қаржы министрлігінің шотына түсуі таза валюта қорларын 1680,2 млн. долларға 4233 млн. долл. дейін толықтыруға ықпал етті. Алтынның әлемдік рыноктардағы бір трой унциясы бағасының 342,75 доллардан 417,25 долларға дейін өсуі нәтижесінде алтынмен активтер 140,4 млн. долларға 725,9 млн. долл. дейін ұлғайды.

2004 жылғы 1 қаңтарда елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда, яғни Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақшасын қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша - 3603,1 млн. долл.) 8565,2 млн. долл. болып, 2003 жылы 69,3%-ке ұлғайды.

Алдын ала деректер бойынша, 2003 жылы ақша базасы 52,2%-ке 316,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Ақша базасы ұлғаюының негізгі факторы Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі болды. Ақша базасы әсіресе, маусым айында едәуір (16,1%) ұлғайды, бұл Үкімет шығыстарының маусымдық ұлғаюына байланысты оның шоттарындағы ақша қалдығының азаюы себепті еді.

2003 жылғы 11 айда ақша массасы 28,9%-ке 985,8 млрд. теңгеге дейін өсті. Ақша массасы өсуінің негізгі факторы банк жүйесіндегі ішкі активтердің 52,2%-ке (немесе 181,9 млрд. теңгеге) ұлғаюы болды. Осы кезеңде банк жүйесінің таза сыртқы активтері 9,5%-ке (немесе 39,8 млрд. теңгеге) өсті, бұл да ақша массасының ұлғаюына ықпал етті.

Айналыстағы қолма-қол ақша (M0) 2003 жылғы 11 айда 39%-ке 224,8 млрд. теңгеге, ал банк жүйесіндегі депозиттер ақша массасының құрылымында - 26,2%-ке 761,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Айналыстағы қолма-қол ақша өсуінің озық қарқыны депозиттердің өсу қарқынымен салыстырғанда ақша массасы құрылымындағы депозиттер үлесінің 78,9%-тен 77,2%-ке дейін азаюы себеп болды.

2003 жылғы 11 айда ақша мультипликаторы ақша массасының өсуімен салыстырғанда ақша базасы ұлғаюының озық қарқынды болуы әсерінен 3,67-ден 3,37-ге дейін төмендеді.

4. Қаржы рыногы.

Валюта рыногы. 2003 жылы валюта рыногындағы ахуал өзгерді және теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаю үрдісімен сипатталды. Теңгенің нығаюына ішкі валюта рыногына шетел валютасының едәуір ағыны әсер етті, бұл өз кезегінде биржадағы сияқты банкаралық рынокта да операциялар көлемінің күрт өсуіне себеп болды.

2003 жылы биржалық сауда-саттық көлемі долларлық позицияда 2002 жылғы деңгейден 2 есеге асып түсіп, 6,3 млрд. АҚШ долларынан асты.

Биржадан тыс айналым биржалықтан асып түсті: жедел деректер бойынша биржадан тыс валюта рыногында резидент банктердің арасындағы мәмілелер көлемі бір жыл ішінде 43,3%-ке көбейіп, 6,7 млрд. АҚШ долларына тең сомаға жетті.

Сонымен, ішкі валюта рыногындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 13,0 млрд. АҚШ долларынан асты.

Шетел валютасы түсімінің негізгі көздері ағымдағы жыл басынан бері әлемдік рынокта энергия ресурстарына жоғары бағаға, мемлекеттік меншік үлесін жекешелендіруге (“Қазақмыс” корпорациясы” АҚ, “Ақтөбемұнайгаз” АҚ), сондай-ақ сыртқы рыноктарда корпоративтік сектордың және екінші деңгейдегі банктердің қарыз алуына негізделген экспорттық валюта түсімінің елеулі көлемі болып табылды. Ұлттық Банктің бағалауы бойынша ішкі валюта рыногындағы сауда саттық көлемінің 60%-тен астамы экспорттық валюталық түсімге тиесілі. Алайда, 2003 жылғы байқалған теңгенің нығаю үрдісін ескерсек, осы көлем жекелеген кезеңдерде 80%-ке дейін жететін еді.

Ішкі валюта рыногына шетел валютасының едәуір ағыны жағдайында Ұлттық Банктің ҚҚБ -да және банкаралық валюта рыногында 2003 жылы шетел валютасын таза сатып алу көлемі шамамен 2,2 млрд. долларды құрады, оның жартысынан көбі ҚҰБ-нің

қысқа мерзімді ноттарын шығаруымен айқындалды. Бұдан басқа, ҚҰБ Қаржы министрлігіне Ұлттық қорды толықтыру мақсатында 1,3 млрд. долл. валюта сатты.

2003 жылы теңгенің орташа алынған айырбас бағамы бір долларға 149,5 теңге болды, Жыл басынан бері номиналдық көрсеткіште теңге АҚШ долларына қатысты 8,3%-ке нығайды. Нығаудың неғұрлым жоғары қарқыны ақпан және желтоқсан айларында (тиісінше 2,05% және 2,25%) байқалды. Жыл ішінде теңгенің құнсыздануы наурыз айында (0,29%), тамызда (0,48%) және қыркүйекте (1,02%) ғана болды.

Алдын ала бағалау бойынша 2003 жылғы 11 айда негізгі сауда әріптестері елдерінің валюталарына қатысы бойынша теңгенің нақты құнсыздануы 1,4% болды. Қаралып отырған кезеңде ТМД елдері бойынша НТАБ 38%-ке азайды, ал қалған елдер бойынша ол 2002 жылғы желтоқсандағы деңгейде болды. 2003 жылы теңге нақты көрінісінде АҚШ долларына қатысты 12,5%-ке нығайды, ал еуро мен ресей рубліне қатысты тиісінше 7,0%-ке және 5,4%-ке құнсызданды. Осылайша, теңгенің еуро мен ресей рубліне қатысты әлсіреуін ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты нығаюы өтеді және қазақстандық экспорттердің бәсеке қабілеттілігіне әсер еткен жоқ.

Ресей рублімен және еуромен операциялар валюта рыногының биржалық және биржадан тыс сегментіндегі айналымда аз ғана үлеске ие болды. Биржалық рынокта ресей рублімен операциялардың көлемі 3,5 есеге азайды және 27,7 млн. ресей рублі болды, ал осы кезде еуромен операциялар 20,5 есеге көбейіп, 5,4 млн. еуро болды. Биржадан тыс валюта рыногында ресей рублімен және еуромен конверсиялық операциялар көлемі 23,0%-ке және 55,6%-ке және тиісінше 740,1 млн. ресей рубліне және 28,7 еуроға дейін азайды.

Өткен жылдардағыдай қолма-қол шетел валютасы рыногында АҚШ долларына артықшылық берілді, және, тиісінше, рыноктың осы сегментінде осы шетелдік валютаны сатып алу бойынша операциялар басымдыққа ие болды.

2003 жылғы 11 айда айырбас пункттерінің АҚШ долларын нетто-сату көлемі 2002 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 5,8%-ке азайып, 2001,3 млн. АҚШ доллары болды. Айырбас пункттерінің АҚШ долларын нетто-сатуының орташа айлық көлемі 182 млн. АҚШ долл. дейін, 11 млн. АҚШ долларына азайды.

Бағалы қағаздар рыногы. 2003 жылы Қаржы министрлігі алғаш рет айналыс мерзімі 5 жылдан асатын (6, 7, 8, 9 және 10 жылдық МЕОКАМ) орташа мерзімді бағалы қағаздарды орналастырды. Қазіргі кезде айналыста Қаржы министрлігі шығаратын орташа мерзімді бағалы қағаздардың барлық түрлері бар. 2003 жылғы желтоқсанда

Қаржы министрлігі айланыс мерзімі 10 жылдық МЕАКАМ арнайы қазынашылық міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.

2003 жылы Қаржы министрлігі өткен жылмен салыстырғанда эмиссиялық бағалы қағаздар көлемін 2 есе дерлік 105,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайтты. Орналастырудың жалпы көлемінде қысқа мерзімді бағалы қағаздарды орналастыру 7,8% (8,2 млрд теңге), орташа мерзімді – 92,2% (97,2 млрд.теңге). Қаржы министрлігінің айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар көлемі 50%-ке, 162,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістілік динамикасы жыл ішінде (соңғы аукциондар бойынша) әр түрлі бағытта болды. Қысқа мерзімді бағалы қағаздар бойынша кірістілік ұлғайды (мысалы, МЕКАМ-3 бойынша – 5,30%-тен 5,99%-ке дейін, МЕКАМ-6 бойынша – 5,58%-тен 5,90%-ке дейін). Бірқатар орташа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістілік азайды (МЕОКАМ-2 бойынша – 8,37 %-тен 6,34%-ке дейін, МЕОКАМ-3 бойынша - 8,23%-тен 6,22%-ке дейін, МЕОКАМ-5 бойынша - 8,47%-тен 6,27%-ке дейін, МЕОКАМ-6 бойынша - 6,49%-тен 6,19%-ке дейін және МЕОКАМ-10 бойынша - 6,57%-тен 6,50%-ке дейін. 7 және 8 жылдық МЕОКАМ бойынша кірістілік тиісінше 6,19% және 6,30% деңгейінде сақталды. 9 жылдық МЕОКАМ бойынша кірістілік 6,30%-тен 6,40%-ке дейін ұлғайды).

2003 жылы Ұлттық Банктің ашық рыноктағы операцияларының көлемі азайды. Сонымен, репо операцияларының көлемі жыл ішінде 17,3%-ке 476,1 млрд.теңгеге дейін, ал кері репо операцияларының көлемі - 42,6%-ке 21,8 млрд.теңгеге дейін азайды.

Ұлттық Банк бір жылда қысқа мерзімді ноттарды шығару көлемін 2,9 есе 613,0 млрд. теңгеге дейін көбейтті. Ноттардың ең жоғары эмиссиясы 2 тоқсанда байқалды. Тоқсан ішіндегі орналастыру өсу қарқынымен жүрді: сәуір – 42,9 млрд. теңге, мамыр – 70,4 млрд. теңге, маусым – 89,7 млрд. теңге. Ноттар эмиссиясы көлемінің өсуіне екінші деңгейдегі банктердің артық өтімділігін айқындау қажеттілігі ықпал етті. Ұлттық Банктің ноттар эмиссиясы көлемінің өсуі олардың айналыстағы көлемінің 3,1 есе өсуіне алып келді (198,6 млрд теңгеге дейін). Қысқа мерзімді ноттар бойынша тиімді кірістілік 5,89%-тен 5,07%-ке дейін азайды (соңғы айдағы орташа алынған кірістілік).

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын шығару, орналастыру және айналысқа жіберу мен өтеу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оған сәйкес 2003 жылғы маусымнан бастап айланыс мерзімі 91 күннен асатын 1 жылға дейінгі ноттарды айналысқа шығару мүмкін болды. Қазіргі кезде рынокта айланыс мерзімі 91 күннен асатын ноттар ғана айналыста жүр.

Корпоративтік бағалы қағаздар рыногында 2003 жылғы 1 желтоқсанда 50 брокер-дилер, 19 тіркеуші, 11 кастодиан банк, 2 өзін өзі реттеу ұйымы және инвестициялық портфельді басқаратын 8 ұйым жұмыс істеді.

2003 жылғы 1 желтоқсанда қолданылып жүрген акциялар эмиссиясымен 2966 акционерлік қоғам тіркелді. Айналыста 3513 қолданылып жүрген акциялар эмиссиясы және жиынтық номиналды құны 173,1 млрд. теңге болатын қолданылып жүрген 67 мемлекеттік емес облигациялар эмиссиясы болды.

2003 жылғы 11 айда 103 акциялар эмиссиясы (2002 жылы – 86 эмиссия) және номиналды құны 83,3 млрд. теңге болатын 26 мемлекеттік емес облигациялар эмиссиясы (2002 жылы – номиналдық құны 48,2 млрд. теңге болатын 25 эмиссия) тіркелді. Мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер көлемі 2002 жылғы деңгейден 34%-ке асты және 116,8 млрд. теңге болды.

KASE-де жасалатын мәмілелердің негізгі үлес салмағы бұрынғыша «А» санатындағы ресми тізім бойынша KASE-дегі сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарға сай келеді. Бұл факт – бағалы қағаздар рыногының басты инвесторлары – ЖЗҚ-ның, банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтерін «А» санаты бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің бағалы қағаздарына орналастыруға жататындығының нәтижесі болып табылады.

Банкаралық ақша рыногы. 2003 жылы банкаралық ақша рыногында банктер өтімділігінің өсу үрдісі олардың ресурстық базаларының айтарлықтай көбеюіне байланысты болды.

2003 жылғы 11 айда орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің жалпы көлемі 2002 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 61,2%-ке 411,4 млрд. теңгеге дейін көбейді.

2003 жылғы қарашада орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің орташа есептелген ставкасы 2002 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 4,90%-тен 2,28%-ке дейін төмендеді.

Банктер белсенділігінің біршама артуы банкаралық валюталық қарыз алу рыногында да байқалды, онда операциялардың негізгі түрі АҚШ долларындағы банкаралық депозиттер болды. 2003 жылдың 11 айы ішінде доллардағы депозиттер 42,4 млрд. АҚШ долларына орналастырылды, бұл 2002 жылғы қаңтар-қараша айларындағы операциялар көлемінен 86,7% асып түседі.

Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 2003 жылғы қараша айының соңында 1,3% болды (2002 жылдың соңында – 1,93%).

Банкаралық қарыз алудың қалған түрлері бойынша операциялар шамалы көлемде жасалды.

Депозит рыногы. Тұтас алғанда 2003 жылы депозит рыногы оң үрдістермен сипатталды.

Резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2003 жылғы 11 айда 761,1 млрд. теңгеге дейін (5,2 млрд. АҚШ долларына жуық) 26,2% өсті. Бұл ретте заңды тұлғалардың депозиттері 435,5 млрд. теңгеге дейін 23,5%, жеке тұлғалардың салымдары 325,6 млрд. теңгеге дейін 29,9% ұлғайды.

Жыл ішінде негізінен теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюына негізделген долларға айналдыру деңгейінің біршама төмендеуі байқалды. Ұлттық валютадағы депозиттер 400,1 млрд теңгеге дейін 65,6% ұлғайды, ал шетел валютасындағы депозиттер біршама төмендеді (0,2%) және 361,0 млрд теңге болды (2,46 млрд. АҚШ доллары). Нәтижесінде резиденттер депозиттерінің жалпы көлеміндегі теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 40,0%-тен 52,6%-ке дейін өсті.

Қаржы секторының тұрақты дамуы және халықтың нақты табысының өсуі жағдайында халықтың салымдарының өсуі жалғасуда (резидент еместерді қоса алғанда). 2003 жылдың 11 айында олар 333,4 млрд. теңгеге дейін (2,27 млрд АҚШ долларынан астам) 29,5% өсті. Халықтың салымдары құрылымындағы теңгедегі депозиттер 76,1%, ал шетел валютасындағы депозиттер 13,0% өсті. Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 26,2%-тен 35,7%-ке ұлғайды.

Банктердің депозиттері бойынша ставкалардың динамикасы біртіндеп төмендеумен сипатталды. 2002 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2003 жылғы қарашада жеке тұлғалардың теңгедегі мерзімді салымдары бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 11,0%-тен 10,0%-ке дейін, ал банктік емес заңды тұлғалардың депозиттері бойынша 5,4%-тен 3,0%-ке дейін төмендеді.

Кредит рыногы. Кредит рыногы қаржы рыногының ең қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің бірі болып отыр. 2003 жылғы 11 айда банктердің экономикаға кредиттерінің жалпы көлемі 949,5 млрд. теңгеге (валютадағы баламасы – 6,48 млрд АҚШ долларына жуық) дейін 41,2% өсті.

Кредиттер құрылымында валюта түрлері бойынша және сол сияқты мерзімдер бойынша оң өзгерістер болды.

Ұлттық валютадағы кредиттер өсуінің шетел валютасындағы кредиттерге қарағанда басым сипаты болды. Ұлттық валютадағы кредиттер 2 еседен астам өсті және 434,6 млрд. теңге болды, ал шетел валютасындағы кредиттер 514,9 млрд. теңгені (3,5 млрд. АҚШ доллары) құрай отырып 11,8% өсті. Нәтижесінде теңгедегі кредиттердің үлес салмағы жыл басымен салыстырғанда 31,5%-тен 45,8%-ке өсті.

2003 жылғы қаңтар-қараша айларында ұзақ мерзімді кредиттер 590,6 млрд. теңгені құрай отырып 54,0%, ал қысқа мерзімді кредиттер 359,0 млрд. теңгені құрай отырып 24,2 % өсті. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 57,0%-тен 62,2%-ке дейін ұлғайды.

2003 жылдың 1 айы ішінде шағын кәсіпкерлікке кредиттер 40,5% ұлғайды және қараша айының соңында 205,8 млрд. теңге болды немесе экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 21,7% болды (2002 жылдың соңында – 21,8%).

Кредиттер бойынша ставкалар динамикасының түрлі бағытты сипаты болды. Осылайша 2003 жылғы қараша айында 2002 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 21,5%-тен 20,4%-ке дейін төмендеді, ал заңды тұлғаларға кредиттер бойынша 14,1%-тен 15,2%-ке дейін өсті.

5. Банктік сектор. 2003 жылғы 11 ай ішінде банктік сектор тұрақты дамыды. Бұл ретте банктік сектордың жай-күйін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің динамикасы оң болды.

2003 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 36 банк жұмыс істеді, оның ішінде мемлекеттік – 3, шетелдік қатысу бар (Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің еншілес банктерін қоса алғанда) – 16.

Банктердің жиынтық меншікті капиталы 223,4 млрд. теңгеге дейін (валюталық баламасы – 1,5 млрд. АҚШ долларынан астам) 38,6% өсті. Банктердің жиынтық активтері 39,3% ұлғайды және 1,6 трлн. теңгеге жуық болды (валюталық баламасы – 10,9 млрд. АҚШ долларына жуық).

2003 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфельдің құрылымындағы стандарттық кредиттердің үлесі 66,9% (2003 жылғы 1 қаңтарда – 71,3%), күмәнді кредиттер – 31,2 (26,7%), үмітсіз кредиттер – 1,9% (2,0%) болды.

2003 жылғы қараша айының соңында банктік жүйе бойынша ағымдағы өтімділік көрсеткіші (коэффициенті) 0,93 болды (кемінде 0,3 норматив кезінде).

6. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі. 2003 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстанда 16 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істеді, оның ішінде 2 корпоративтік және 1 мемлекеттік қор.

Жыл басынан бері жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинақ ақшасы 32% өсті және 2003 жылғы 1 желтоқсанда 356,0 млрд. теңге болды. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының саны 2003 жыл басынан бері 6,1 млн. адамға дейін 700 мың адамға ұлғайды.

7. 2004-2006 жылдарға арналған ақша-кредит саясатының басымдықтары туралы.

Ұлттық Банк қаржы секторының одан әрі дамуын оның барлық сегменттерін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруде көреді және ақша-кредит саясатының дамыған елдерде қабылданған стандарттарға (мысалы, Еуропа одағының стандарттарына) барынша жақындауын 2003 жылдан бастап 2006 жылға дейінгі кезеңге арналған басым бағыттар ретінде айқындайды.

2004 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық қадағалау функциялары берілген Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттік жұмыс істейді. Ұлттық Банк өзінің бар күш-жігерін ақша-кредит саясатын дамытуға шоғырландырады.

2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін “Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы” Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес Ұлттық Банктің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Негізгі мақсатты осылай тұжырымдау Ұлттық Банк жариялаған Еуроодақ стандарттарына және инфляциялық таргеттеу принциптеріне өтуді неғұрлым анық көрсетеді, олардың шарттарының бірі айырбас бағамы бойынша бағдарлардан баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге акценттерді жылжыту болып табылады.

Инфляциялық таргеттеу принципінің басты ерекшелігі “болашаққа бағыттылық” болып табылады, атап айтқанда, ақша-кредит саясатының өлшемдері болжамының орташа және ұзақ мерзімді кезеңдегі инфляцияға ықпалын ескере отырып, таяу жыдарға арналған өлшемдерді қабылдау. Бұл Ұлттық Банктің инфляция бойынша мақсатты көрсеткіштерге жауапкершілігін арттырады. Бұл жағдайларда, Ұлттық Банк,

инфляциялық таргеттеу принципін қолданатын кейбір елдер сияқты 2004 жылдан бастап инфляциялық үрдістердің негізгі бағыттарын көрсететін “негізгі инфляция” индексіне орай инфляция бойынша бағдарларды белгілейді.

Алдағы 3 жылғы ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты орташа жылдық “негізгі инфляцияны” 2004 жылы 4% - 6% шегінде және 2005-2006 жылдары 3% - 5% шегінде ұстап тұру. Бұл бағдарлар негізгі инфляцияны есептеу әдістерін бекіткеннен кейін және ол бойынша нақтылайтын есептеулер жүргізгеннен кейін түзетілетін болады.

Инфляциялық таргеттеуге жоспарлы өтудің дайындық жоспарында Ұлттық Банк 2004 жылы өзінің ресми ставкаларын реттейтін ролін күшейтуге бағытталған шараларды іске асырады. Сонымен қатар, вексельдерді қайта есептеу қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сәйкес жүргізілетін болады.

Қазақстан тауарларының сыртқы рыноктағы баға бәсекелестігін қолдау үшін Ұлттық Банк бағамның ақша сұранысы мен ұсынысына байланысты өзгеруге себепші болатын теңгенің өзгермелі айырбас бағамы режимін сақтауға ниеттеніп отыр. Тиісінше, Ұлттық Банк теңгенің айырбас бағамы бойынша бағдарларды белгілемейді және ішкі валюта рыногында теңгенің айырбас бағамының алыпсатарлық секірістерін болдырмау қажеттілігі кезінде ғана мейлінше аз қатыса отырып, оның қалыптасуына араласады.